

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Тұлғаның сыртқы жағдайлар мен өзгелерге бейімделуінің нәтижесі, терең және жан-жақты сезінусіз орындау нәтижесінде қалыптасатын жүріс-тұрыс:

- A) әлеуметтік белсенді
- B) азаматтық
- C) конформистік
- D) маргиналды
- E) әлеуметтік белсенді емес

2. Өркениеттік негіз өкілі:

- A) К. Маркс
- B) А. Тойнби
- C) Г. Гроций
- D) Ф. Энгельс
- E) И. Кант

3. Мемлекет және құқық теориясының жекелеген ғылыми әдісі:

- A) Жүйелілік
- B) Диалектикалық
- C) Тарихи
- D) Салыстырмалы құқықтану
- E) Әлеуметтік

4. Мемлекет функциялары:

- A) мемлекет аппаратының өкілеттіктері
- B) билікт өкілдерінің күнделікті қызметі
- C) оның ішкі құрылымы
- D) лауазымды тұлғалардың функциялары
- E) оның мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталған қызметінің негізгі бағыттары

5. Заң техникасының құралдары мен әдістерін пайдалану, негізінен сәйкес _____ қолданудан көрінеді.

- A) бұйрықтарды
- B) заңдарды
- C) қаулыларды
- D) өкімдерді
- E) ережелерді

6. Саяси жүйелердің түрлерінің бірі:

- A) мемлекеттік
- B) партиялық
- C) демократиялық
- D) топтық
- E) таптық

7. Заң шығарушы орган

- A) парламент
- B) прокуратура
- C) әкімшілік
- D) сот
- E) президент

8. Білігі құқыққа негізделген, құқық арқылы шектелетін және құқық арқылы жүзеге асырылатын мемлекет типі:

- A) полицейлік мемлекет
- B) әлеуметтік мемлекет
- C) ашық мемлекет
- D) құқықтық мемлекет
- E) транспарентті мемлекет

9. Мемлекет функцияларының түрлеріне жатпайды:

- A) мәніне қарай
- B) ішкі функциялар
- C) жүзеге асырылу саласына қарай
- D) аппараттық
- E) әрекет ету ұзақтығына қарай

10. Заңды міндеттілік күші болмайтын, талдау тереңдігімен, сенімділігімен және негізделгендігімен сипатталатын құқық нормаларын түсіндірудің түрі:

- A) ресми түсіндіру
- B) казуалды түсіндіру
- C) аутентикалық түсіндіру
- D) бейресми түсіндіру
- E) легалды түсіндіру